

9 дәріс. Нидерланды музейлері.

Мақсаты: студенттерге Нидерланды музейлерінің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Амстердам. Рейкмузеум.
2. Антверпен. Корольдық әсерлі өнер музейі. Майер Ван ден Берг музейі
3. Гаага. Маурицхейс корольдық картина галереясы. Бредиус музейі.
4. Оттерло. Крёллер-Мюллер музейі.
5. Роттердам. Бойманс-ван-Бенинг музейі. Утрехт. Орталық музей.

Кілт сөздер: музеология, музейтану, көркемсурет, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Амстердам. Рейкмузеум. Амстердамда орналасқан Рейкмузеум деген атпен белгілі мемлекеттік музей әлемдегі ең ірі өнер коллекциясын жинақтап отырған музейлер қатарына жатады. Оның негізі 1800 жылы қаланған. Осы жылы Гаагада Оранский-Насау принц әулетіне тиесілі штатгальтерлер коллекциясы жинақталған «өнер кабинеті» ашылды. 1808 жылы бұл кабинет Амстердамға көшірілді. Рейкмузеумның қазіргі ғимараты орталық алаңда орналасқан. Ғимарат голланд архитекторы П.Кейперсонның жобасымен 1876-1885 жылдары салынған, қазіргі таңда осы мемлекеттің тарихи сәулет өнері ескерткіші болып саналады. Музей экспозициясы көркемсурет, мүсіндеме, қолданбалы өнер туындылары, Азия елдері өнері, Нидерланды тарихы, эстамп бөлімдерінен тұрады. Көркемсурет полотнолары музейдің негізгі қорын құрады. Рейкмузеумда голландық көркемсурет өнерінің толық жинағы сақталған деп айтуға болады. XV-XVI ғасырларға саятын Луки Лейденскийдің «Шіркеудегі уағыз», «Алтын торпаққа табыну», Ян Ван Скорельдің «Мария Магдалина», Корнелис Ван Харлемнің «Варсави иіс сулары», Хендрик Гольциустың «Лот қыздарымен бірге» атты туындылары құндылықтар болып саналады. Музейдегі XVII ғасырға саятын өнер туындылары музейдің ерекшелігін паш етеді. Бұл жерден Эсайас ван де Вельденнің, Хендрик Аверкампаның пейзаждарын, Франц Хальцтың портреттерін, Питер Кластың, Виллем Калфтың натюрморттарын, т.б. голландық көркемсуреттерді табуға болады. Музей коллекциясында әлемдік шедеврлер қатарында саналатын Ян Вермеердің «Сүт құйғыш», «Кішкентай көше», Франц Хальцтың «Көңілді ішкіш», «Жас жұптар портреті», Якоб ван Рейсдальдың «Диірменді пейзаж», Рембрандттың «Еуропалық қалыңдық» атты көркемсурет туындылары сақталған. Рембрандттың 1642 жылы салған «Түнгі шолу» туындысы әлем мойындаған туынды, ол арнайы бөлек қабырғаға қойылған.

XVIII-XIX ғасырлардағы голландиялық өнер туындылары қатарын Якоб де Вти, Луис Морис, Ян Вайсенбрух, Георг Хендрик Брейтнер жұмыстары қамтиды. Винсент Ван Гогтың автопортреті де осында сақтаулы. Еуропаның басқа елдері өнер туындыларынан итальяндық Якоп Тинторетто, Паоло Веронез, фламандық Питер Пауль Рубенс, испандық Бартолом Эстебан

Мурильо, Франсиско де Гойи, орыс авангарды Казимир Малевич жұмыстарын табуға болады. Рейкмузеумда пастел жұмысының бай коллекциясы сақталған. Эстамп кабинетінде 1 млн. аса сызба сурет, офорт, гравюра, акварель, афиша, фотосуреттер сақталған. Мұнда Рембрандттың 60 сызба суреті сақтаулы.

Антверпен. Корольдық әсерлі өнер музейі. Корольдық әсерлі өнер музейі XV-XX ғасырлардың Батысеуропалық көркемсурет коллекциясын жинақтап отырған ірі музей. Музей тарихы XVIII ғасырдан басталады. Бұл музей Ерекше өнер Академиясымен бірге францискандықтар монастырында орналасқан кезінде оның коллекциясының негізгі бөлігін 1773 жылға дейін өмір сүрген Әулие Луки гильдиясының заттары құраған еді. 1841 жылы бұрынғы бургомистр Антверпен Флорент ван Эртборн музейге өз коллекциясын, XV-XVII ғасырларға саятын 140 фламандық көркемсурет туындыларын сыйға тартқан. Оның бұл жинағы музейдің басты құндылықтары болып саналады. 1890 жылы музей қоры архитектор Ян Якоб Винтерс жобасымен салынған осы күнге дейін қызмет етіп отырған жаңа ғимаратқа көшірілген. Музей коллекциясының негізгі қорын XV-XX ғасырлар аралығындағы фломандық, голландық, бельгиялық суретшілер жұмыстары құрайды. XV-XVI ғасырларға саятын Ян Ван Эйк, Рогир Ван дер Вейден, Дирк Боутс, Ганс Мемлинг жұмыстары экспозицияланған. Сондай-ақ Антверпен көркемсурет мектебінің негізін қалаған Квентин Массейстің «Христосты жоқтау» атты белгілі триптихі, одан басқа 6 жұмысы сақтаулы. XVII ғасырдың белгілі антверпендік шеберлері Рубенс, Йорданс, Ван Дейктың туындылары сақталған. Питер Пауль Рубенс туындыларынан 21 картина сақталған. Музей жаңа заман дәуіріндегі әртүрлі бағыттағы бельгиялық көркемсурет туындыларының коллекциясын жинақтаған. Олардың қатарында Джеймс Энсор, Рене Магрит, Поль Дельво туындыларын атауға болады.

Антверпен. Майер Ван ден Берг музейі — Нидерландыдағы ең қызықты музейлердің бірі. Музейде коллекционер Майер Ван ден Бергтің (1858-1901) өзінің қысқа ғұмырында жинаған коллекциясы экспозицияланған. Музей ғимаратын XVI ғасыр сарайлары стилінде 1901-1904 жылдары коллекционердің анасы салдырған. Ғимараттың ішкі кешені Қайта өркендеу дәуірінің бай-бағландарының мекенін сипаттайды, интерьерлер мен экспонаттар мазмұндық жағынан үйлесім тапқан. Музей жинағы 4000-нан астам экспонатты құрайды, негізгі бөлігі соңғы орта ғасырлар мен Қайта өркендеу дәуіріне саяды. Ван ден Берг өз заманында аз зерттелген бұйымдар мен жұмыстарды жинауға көңіл қойды, сондықтан оның коллекциялары өз бірегейлігімен ерекшеленеді. Жинақтың негізгі бөлігін қолданбалы өнер туындылары – жиһаз, гобелен, шыны бұйымдар, металл, фарфор, қыш-құмыра бұйымдар құрайды. Сондай-ақ музейде діни мазмұндағы сәндік мүсін туындылары қойылған. Әсіресе, XIV ғасырдың соңында Брюгте жасалынған бала көтерген Мадоннаның мүсіні бірегейлігімен көз тартады. Музей XIII-XVII ғасырларға саятын фламандық көркемөнер туындыларын сақтап отыр. Коллекция маржаны — 1897 жылы Кельн аукционынан сатып алынған Үлкен Питер Брейгельдің «Ессіз Грета» (1561-1562) атты картинасы. Әйгілі суретшінің бұл жұмысына көпшілік өз уақытында қызыға қоймаған,

картинаны коллекционер өте арзан бағаға сатып алған, одан кейін коллекционер бұл жұмыстың өнертанушылар қауымынан лайықты баға алуына жол ашқан. Сондай-ақ Брейгельдің «Нидерланды мақалдары» атты туындысы музейдің бағалы қоры.

Гаага. Маурицхейс корольдық картина галереясы. Музей XVIII ғасырдың аяғында принц Вильгельм V жинаған коллекция негізінде құрылған, коллекцияны мемлекетке оның ұлы король Виллем I тапсырған, 1820 жылы музей көпшілік үшін ашылған. Музей ғимаратының голландық сәулет өнерінің ерекше туындысы болып саналады, 1633 жылы архитектор Ян Ван Кампен жобасымен салынған. Музейдегі картиналар жинағы 800-ден асады, сондай-ақ мүсіндер, гравюралар, суреттер сақталған. Музей экспонаттарының саны аз болғанымен, олардың негізгі дені әлемдік өнер шедеврлері қатарында. Музейде XV-XIX ғасырларға саятын голландық және фломандық көркемсурет коллекциясы экспозицияланған, олардың қатарында Карел Фабрициус, Ян Стен, Паулюс Поттер, Амброзиус Босхарт, Рогир Ван дер Вейден, Ганс Мемлинг, Питер Пауль Рубенс, Антонис Ван Дейк, Корнелис Трост, Адриан КORTE жұмыстары бар. Галерея маржандары қатарынан Рембрандттың «Доктор Тульптың анатомия сабағы» және басқа бірнеше жұмысын, Ян Вермеердің «Дельфт көрінісі» пейзажын атауға болады. Шетелдік көркемөнер мектебінен Үлкен Лукас Кранах, Кіші Ганс Гольбейн жұмыстары қойылған.

Гаага. Бредиус музейі. Музей белгілі коллекционер, өнер тарихшысы, XVII ғасырдағы голланд өнерін зерттеуші, Маурицхейс музейінде көп жылдар директор қызметін атқарған Абрахам Бредиустың коллекциясын экспозициялайды. Бредиус өлгеннен кейін 1946 жылы оның коллекциясы Гаага муниципалитетіне өтеді де, көпшілік қауым үшін ашылған. 1985 жылы музей жабылып, 1990 жылы Ланге Вайвербергтегі жаңа ғимаратқа көшіріліп, қайта ашылды. Музей коллекциясы негізінен нидерланды және фломандық көркемөнер туындыларынан тұрады. Экспозицияға Антонис Ван Дейк, Франс Хальц, Вилдлем Клас Хед, Томас де Кейсер, Рембрандт, Саломон Ван Рейсдал, Ян Стен, Кіші Давид Ренирс, Эсайас Ван де Вельде, Корнелис де Вос жұмыстары қойылған. Шетелдік көркемөнер мектептерінен Якопо Амигони, Джузеппе Рекко, Лоренс Альма-Тадем т.б. шеберлер жұмыстары қойылған. Сәндік-қолданбалы өнер коллекциясын неміс майда пластикалары, жапон және қытай ыдыстары, атақты мейсендік фабрика фарфорлары, т.б. заттар өте қызықты заттар құрайды.

Оттерло. Крёллер-Мюллер музейі. Өнертанушы, коллекционер Хелен Крёллер-Мюллер коллекциясы негізінде 1938 жылы ашылған Нидерландыдағы ең қызықты музей. Крёллер-Мюллер өз коллекциясын мемлекетке 1935 жылы тапсырған, музей суретші-сәулетші Генри Ван де Вельде жобасымен салынған ғимаратта орналасқан. Музей жинағының негізгі денін XIX-XX ғасырлар туындылары құрайды. Крёллер-Мюллер атақты суретші Винсент Ван Гогтың табынушысы болған, суретшінің жұмыстарын коллекциялаған, саны жағынан Амстердамдағы Ван Гог музейінің жинағынан кейінгі орынды иеленеді. Музей экспозициясына Пит Мондриан, Барт Ван дер Лек, Жорж Сера, Пабло Пикассо сияқты атақты суретшілер жұмыстары

қойылған. 1961 жылы музейде мүсіндер бағы ашылған, онда Огюст Роден, Генри Мур, т.б. шеберлер жұмыстары қойылған.

Роттердам. Бойманс-ван-Бенинг музейі. Роттердамда орналасқан мецанат Бойманс-ван-Бенинг негізін қалаған бұл музей Нидерландыдағы өнер коллекциясын экспозициялайтын ерекше музейлердің бірі. Музей ғимараты 1935 жылы Ван дер Стер жобасымен салынған. Музей экспозициясының негізгі қорын Солтүстік Қайта өркендеу шеберлерінің жұмыстары құрайды. Музей залдарынан Ян Ван Эйктің «Мироносиц әйелдері», Үлкен Питер Брейгельдің «Вавилон мұнарасы», Иеронимус Босхтың «Канадағы неке», «Бала ұстаған әулие Христофор», Рембрандттың «Титус», Винсент Ван Гогтың «Гүлбаршын мен қалампыр салынған құты», «Еменді бульвар» атты жұмыстарын көруге болады. Музейде Рубенстің жиырмадан астам эскиздері сақталған. Музейде Клод Моне, Эдгар Дега, Винсент Ван Гог, Кес ван Донген, Пит Мондриан, Анри Матисс, Рауль Дюфи, Оскар Кокошки, Эдвард Мунка, Рика Ваутерс, Констан Пермек, Пабло Пикассо сияқты импрессионистер мен модернистердің жұмыстары экспозицияланған. Қазіргі заман суретшілері қатарынан Энри Уорхолл, Клас Ольденбург, Дональд Джадда, Йозеф Бойс, т.б. жұмыстары бар. Музей паркіне қазіргі заманғы мүсіншілер туындылары қойылған.

Утрехт. Орталық музей. Утрехт Орталық музейі Нидерландыдағы көне музейлердің бірі, оның негізі 1838 жылы қаланған. Музей ортағасырлық ғибадатхана ғимаратында орналасқан. 1999 жылы музей ғимараты архитектор Стефан Бела, Ливен Ахтергел, Петер Версепут жобаларымен реконструкцияланған. Музейде көне шеберлер, қазіргі заман өнері, тарих, дизайн және мода бөлімдері жұмыс жасайды. Көне шеберлер бөлімінде Қайта өркендеу және барокко дәуірінің нидерландық шеберлері Питер Ян Санредама, Ян Ван Скорела, Хендрик Тербрюгген, Геррит Ван Хонтхорст, т.б. жұмыстары экспозицияланған. Музей утрехттік дизайнерлер жұмысын коллекциялаумен ерекшеленеді.

Сұрақтар:

1. Нидерландыдағы корольдық мұралар музейлері.
2. Амстердамдағы Рейкмузеум қызметі.
3. Нидерланды музейлеріндегі шедеврлер, насихатталуы.

Әдебиеттер:

1. Музей мира. - М., 1989
2. Каулен М.Е. Экспозиция и экспозиционер. - М., 2001.
3. Музейная экспозиция. На пути к музею 21 века. - М., 1997.
4. Мазный Н.В., Поляков Т.П., Шулепова Э.А. Музейная выставка: история, проблемы, перспективы. – М., 1997.